



Бүлдіршіндер биіктен көрініп жүр

Г.ҚУАТҚЫЗЫ

«Тұмар» аспапты-вокалдық ансамблінің құрылғанына биыл үшінші жыл. Осы аралықта жетекші Гүлбаршын Сәбитова ансамбль құрамындағы бүлдіршіндерге шертер, шаңқобыз, сазсырнай сияқты қазақтың ұлттық аспаптарының қыр-сырын үйретіп, түрлі байқауларға қатыстырып келеді. Жуырда болған кезекті байқаудан ансамбль мүшелері тағы да жеңіспен оралды.

Жуырда «Күншуақ.kz» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Алғашқы қадам» республикалық фестивалінде «Тұмардың» өнерпаздары Екібастұз қаласының намысын қорғады. Байқау вокал, хореография, музыкалық аспаптар, сән театры және әдеби сөз аталымдары бойынша 3-7 жастағы балалардың қатысуымен өткен болатын. Еліміздің ер тұсынан келген көптеген қатысушылардың арасында вокал номинациясы бойынша екібастұздық

Агиля Тавлетеева 1-орынды, Азамат Қайырбай мен Нұрсая Исламбек 2-орынды жеңіп алды. Қазылар, әсіресе, жүлдегерлердің сахналық образдарына назар аударған.

Сахналық образ демекші, ансамбль жетекшісі Гүлбаршын Рапыққызы сайысқа не концертке қатысушылардың сахналық киімдерін өзі тігеді екен.

- Кішкентай бүлдіршіндер өз жастарына сай әндерді орындайды. Осындайда үстеріне киген киімдерінің әнмен үйлесім табуын қадағалаймын. Сондай-ақ, сахна мәдениетін игеріп, хореографияны меңгерулеріне баса назар аударудамын, - дейді Г.Сәбитова.

Гүлбаршын Рапыққызы музыкалық, дизайнерлік өнерінен басқа психология саласын жақсы меңгерген. Кішкентай балалармен жұмыс істегенде мұның көмегі көп-ақ. Ұстаздың нәтижелі еңбегін «Тұмар» ансамблінің жетістігінен көруге болады. Ансамбль мүшелері Жәмилә Қаналиянова «Жаңа жұлдыз» облыстық байқауында бірінші орынды жеңіп алса, Әнуар Назымбек пен Ерасыл Бақытов – Астана қаласында өткен халықаралық байқаудың жүлдегерлері.

Мамыр айында ансамбльдің есеп беру концерті болмақшы. Балалар осы шараға қарқынды дайындалып жатыр.

